

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 37 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 22596 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 1), 47), 65-2) және 69) тармақшаларына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 10 және 10-1-тармақтарына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (Боранбаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2021 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 37 Қаулыға  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 қарашада "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында:

1-қосымшада:

Ескертудің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлем құжаттарында пайдалану үшін институционалдық бірліктерді экономика секторларының кодтары бойынша бөлу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17274 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады."

2. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17274 болып тіркелген, 2018 жылғы 16 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі

нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді (бұдан әрі – мәліметтер) ұсыну тәртібін нақтылайды.";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Нұсқаулыққа 1 және 2-қосымшалардың мәліметтері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары 2-тарауының 1, 2 және 3-параграфтарының шоттары (бұдан әрі – шот) негізінде жасалады, олар одан әрі Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес резиденттік белгілері, экономика секторы және валюталар түрі бойынша нақтыланады.";

23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары Ұлттық Банкке мәліметтерді электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып "Статистика" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық түрде береді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және ипотекалық ұйымдар Ұлттық Банкке мәліметтерді электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық түрде береді.

24. Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді күн сайынғы және ай сайынғы негізде:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары:

күн сайынғы мәліметтерді – есепті күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (ай сайынғы мәліметтермен бірмезгілде берілетін айдың алғашқы есепті күндері үшін мәліметтерді қоспағанда);

ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қазақстанның Даму Банкі ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) ипотекалық ұйымдар ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Деректер болмаған кезде мәліметтер нөлдік қалдықтарымен беріледі.

25. Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді ай сайын айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) ипотекалық ұйымдар есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Деректер болмаған кезде мәліметтер берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 26-тармақпен толықтырылсын:

"26. Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсанның соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен (қоса алғанда) кешіктірмей береді.

Деректер болмаған жағдайда мәліметтер берілмейді.";

1-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа 3-қосымша";

Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 4-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19701 болып тіркелген, 2019 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-қосымшада:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы мәліметтер" деген 1-кесте Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін сапасы мен өтімділігі бойынша олардың сыныпталуын ескере отырып есептеу" және 6-кесте "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің жеткіліктілігі нормативін есептеу" деген 5-кесте Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген, 2019 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ең төмен резервтік талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 17274 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұсынылатын күн сайынғы мәліметтер негізінде есептеледі."

5. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген, 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

39-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке сақтандыру бойынша:

сақтандыру сыйлықақылары бөлігінде - сақтанушының тұрақты тұру (тіркелу) орны, заңды мекенжайы;

сақтандыру төлемдері бөлігінде - сақтандырылушының тұрақты тұру (тіркелу) орны, заңды мекенжайы."

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
әкімшілік деректер жинау және  
есептілік ұсыну мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
1-қосымша

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары  
филиалдарының және  
ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкіне қаржы  
секторына шолуды  
қалыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## **Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер бойынша мәліметтер**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 700-Н(Д)

Кезеңділігі: күн сайын, ай сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, ипотекалық ұйымдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары:

күн сайынғы мәліметтер - есепті күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ( ай сайынғы мәліметтермен бірізгіде берілетін айдың алғашқы есепті күндері үшін мәліметтерді қоспағанда);

ай сайынғы мәліметтер - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қазақстанның Даму Банкі - ай сайынғы мәліметтерді есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) ипотекалық ұйымдар - ай сайынғы мәліметтерді есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Нысан

(мың теңгемен)

Шот нөмірі	Нақтылау	Шоттың атауы (резиденттігі, экономика секторы, валюта түрі)	Сома
AAAA	XYZ		
1	000	Активтер	...
...	...	...	...
2	000	Міндеттемелер	...
...	...	...	...
3	000	Меншікті капитал	...
...	...	...	...

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) ҚОЛЫ

Басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) ҚОЛЫ

Қол қойылған күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қаржы секторының шолуын  
қалыптастыруға арналған  
көрсеткіштер бойынша  
мәліметтер нысанына  
қосымша

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер бойынша мәліметтер (индексі – 700-Н(Д), кезеңділігі – күн сайын, ай сайын)**



## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары күн сайын және ай сайын, Қазақстанның Даму Банкі және ипотекалық ұйымдар – ай сайын жасайды. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады.

4. Нысанда сома мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан көп сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға басшы, бас бухгалтер немесе қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1011, 1012, 1601, 1602, 1610, 1854, 1857, 1873, 1874, 2854, 2857, 2861, 2872, 2873, 3101, 3200, 3400, 3510, 3540, 3580, 3589 және 3599 шоттары, сондай-ақ 1650, 1690 және 3000 топтарының шоттары бойынша нақтылау ретінде "000" көрсетіледі.

7. 1013, 1727, 2016, 2126, 2212, 2216, 2708 және 2717 шоттары бойынша валюта коды бойынша нақтылау ретінде "0" көрсетіледі.

8. 1871, 1880, 2231, 2704, 2871, 2874, 2880, 3561, 3562, 3563 және 3564 шоттары, сондай-ақ 1810, 1830, 2040, 2811, 2830 топтарының шоттары бойынша экономика секторы бойынша нақтылау ретінде "0" көрсетіледі.

9. 1007, 1009, 1603, 1604 шоттары бойынша 100 (резиденттер) нақтылау кодымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған ұлттық валютадағы бағалы металдардан жасалған және коллекциялық монеталар монеталар, 200 (бейрезиденттер) нақтылау кодымен бағалы металдардан жасалған монеталар және бейрезидент эмитенттердің коллекциялық монеталары көрсетіледі.

10. 1405, 1406, 1425, 1752 және 1864 шоттары бойынша вексель берушінің экономика секторы көрсетіледі.

11. 1201, 1202, 1205, 1206, 1208, 1209, 1452, 1453, 1454, 1456, 1457, 1459, 1481, 1482, 1483, 1485, 1486, 1491, 1492, 1494, 1495, 1744, 1745, 1746, 1750 және 1757 шоттары бойынша эмитенттің резиденттігі мен экономика секторы көрсетіледі.

12. 2301, 2303, 2306, 2401, 2402, 2405 және 2406 шоттары бойынша бағалы қағазды ұстаушының резиденттігі мен экономика секторын дұрыс анықтауға мүмкіндік болмаған кезде номиналды ұстаушының (сенім білдірілген меншік иесінің) резиденттігі мен экономика секторы көрсетіледі.

13. Екінші деңгейдегі банк, бейрезидент-банктің филиалы немесе ипотекалық ұйым банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда не "Қазпочта" акционерлік қоғамында орналастырған және 1250 "Басқа банктерге орналастырылған салымдар" тобының шоттарында көрсетілген салымдар бойынша экономика секторы бойынша нақтылау ретінде "5" көрсетіледі.

14. Нысанда мынадай баланстық тепе-теңдік сақталады:

Активтер сомасы (1 000-жол) = Міндеттемелер сомасы (2 000-жол) + Меншікті капитал сомасы (3-000 жол).

15. Деректер болмаған кезде мәліметтер нөлдік қалдықтарымен беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
әкімшілік деректер жинау және  
есептілік ұсыну мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
2-қосымша

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары  
филиалдарының және  
ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкіне қаржы  
секторына шолуды  
қалыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 700(ДФ)

Кезеңділігі: күн сайын, ай сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, ипотекалық ұйымдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және бейрезидент-банктер филиалдары есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) ипотекалық ұйымдар - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Нысан  
(мың теңгемен)

Шот нөмірі	Шоттың атауы	Сомасы
1401	Клиенттерге берілген овердрафт қарыздары	
1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар	
1405	Клиенттердің есепке алынған вексельдері	
1406	Клиенттердің есепке алынған вексельдері бойынша бұрынғы вексель ұстаушылар есептеген сыйақы	
1407	Клиенттерге факторинг	
1409	Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	
1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	
1420	Клиенттерге берілетін қаржы лизингі	
1421	Клиенттердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі	
1422	Клиенттерге форфейтинг	
1423	Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1424	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	
1425	Клиенттердің наразылық білдірілген вексельдері	
1426	Клиентке сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша қойылатын талаптар	
1427	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек	
1428	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	
1429	Клиенттерге берілген басқа да қарыздар	
1434	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконт	
1435	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы	
1445	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер	
1461	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары	

1462	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша мерзімі өткен берешек	
1552	Клиенттермен есеп айырысулар	
1740	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кіріс	
1741	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы	
1748	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша есептелген кіріс	
1749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы	
1752	Есепке алынған вексельдер бойынша есептелген кіріс	
1753	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кіріс	
1755	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер бойынша есептелген кіріс	
1756	Басқа да операциялар бойынша есептелген кіріс	
1772	Жалдау талаптарымен инвестициялық қызмет бойынша мерзімі өткен берешек	
1792	Алынған қарыздар мен салымдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	
1799	Басқа да алдын ала төлемдер	
1853	Акционерлермен есеп айырысулар (дивидендтер бойынша)	
2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары	
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржылық активтер	
2211	Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары	
2212	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдағы металл шоттары	
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары	
2216	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы мерзімді салымдары	
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары	
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)	
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары	
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (кемінде бір жыл)	
2223	Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым	
2224	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2225	Клиенттермен жасалған басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек	
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2227	Жалдау міндеттемелері	
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар	
2230	Жалдау міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешек	
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шоты	
2238	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы	
2239	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт	
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты	
2243	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2245	Инвестициялық депозиттер	
2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары	
2451	Мерзімсіз қаржы құралдары	

2552	Клиенттермен есеп айырысулар	
2707	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған акша сомасына сыйақы төлеумен байланысты есептелген шығыс	
2717	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдағы металл шоттары бойынша есептелген шығыс	
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыс	
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыс	
2720	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыс	
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс	
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салымдар бойынша есептелген шығыс	
2724	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыс	
2725	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыс	
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыс	
2741	Алынған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2742	Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2745	Жалдау міндеттемелері бойынша есептелген пайыздық шығыс	
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2747	Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы	
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржылық активтер бойынша есептелген шығыс	
2757	Мерзімсіз қаржы құралдары бойынша есептелген шығыс	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) \_\_\_\_\_ қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) \_\_\_\_\_ қолы

Басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) \_\_\_\_\_ қолы

Қол қойылған күн 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Шетелдік компаниялардың  
филиалдарымен және  
өкілдіктерімен операциялар  
бойынша мәліметтер нысанына  
қосымша

# **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер (индексі – 700(ДФ), кезеңділігі – ай сайын)**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және бейрезидент-банктердің филиалдары және ипотекалық ұйымдар ай сайын жасайды. Нысан айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша жасалады.

4. Нысандағы сома мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан көп сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанда Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және бейрезиденттерге жататын шетелдік компаниялардың филиалдары және өкілдіктерімен операциялар бойынша ғана мәліметтер көрсетіледі.

Мәліметтер мынадай экономика секторлары бойынша нақтылаумен ұсынылады:

- 1) басқа қаржы ұйымдары – "5" коды;
- 2) мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – "6" коды;
- 3) мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – "7" коды;
- 4) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – "8" коды.

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялар филиалдарының және өкілдіктерінің экономика секторлары олардың бас компанияларының экономика секторларына сәйкес келеді.

7. Деректер болмағанда кезде мәліметтер ұсынылмайды.

есептілік ұсыну мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
3-қосымша

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары  
филиалдарының және  
ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкіне қаржы  
секторына шолуды  
калыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында  
орналастырылған

## Экономика секторлары бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: СҰ (БФ)

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма  
бесінен кешіктірмей (қоса алғанда).

Нысан

### 1-бөлім. Активтер

(мың теңгемен)

Көрсеткіштің атауы	Ж о л коды	Барлығы ( есепті кезеңнің соңында)	Оның ішінде	
			ұлттық валютада	ше т е л валютасында
А	Б	1	2	3

Резерв ретінде қабылданған активтер	1			
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары	2			
Кассадағы қолма-қол ақша	2.15.01			
Жолдағы ақша	2.15.02			
Басқа депозиттік ұйымдардағы ағымдағы шоттардағы ақша	2.14.03			
Басқа қаржы ұйымдарындағы ағымдағы шоттардағы ақша	2.15.04			
Бейрезиденттердегі ағымдағы шоттардағы ақша	2.20.05			
Басқа депозиттік ұйымдардағы жинақ шоттардағы ақша	2.14.06			
Басқа қаржы ұйымдарындағы жинақ шоттардағы ақша	2.15.07			
Бейрезиденттердегі жинақ шоттардағы ақша	2.20.08			
Басқа депозиттік ұйымдардағы басқа да ақша	2.14.09			
Басқа қаржы ұйымдарындағы басқа да ақша	2.15.10			
Бейрезиденттердегі басқа да ақша	2.20.11			
Орналастырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	3			
Басқа депозиттік ұйымдарда бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.14.01			
Басқа қаржы ұйымдарында бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.15.02			
Бейрезиденттерде бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.20.03			
Басқа депозиттік ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді талап етілгенге дейінгі салымдар	3.14.04			
Басқа қаржы ұйымдарында орналастырылған қысқа мерзімді талап етілгенге дейінгі салымдар	3.15.05			
Бейрезиденттерде орналастырылған қысқа мерзімді талап етілгенге дейінгі салымдар	3.20.06			
Басқа депозиттік ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.14.07			
Басқа қаржы ұйымдарында орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.15.08			
Бейрезиденттерде орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	3.20.09			
Басқа депозиттік ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар	3.14.10			
Басқа қаржы ұйымдарында орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар	3.15.11			
Бейрезиденттерде орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар	3.20.12			
Басқа депозиттік ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	3.14.13			
Басқа қаржы ұйымдарында орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	3.15.14			
Бейрезиденттерде орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	3.20.15			



Басқа депозиттік ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар	3.14.16			
Басқа қаржы ұйымдарында орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар	3.15.17			
Бейрезиденттерде орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар	3.20.18			
Минус: құнсыздануға арналған резервтер	3.1			
Өзгерісі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	4			
Қазақстан Республикасының Үкіметі шығарған бағалы қағаздар	4.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдары шығарған бағалы қағаздар	4.12.02			
Орталық (ұлттық) банк шығарған бағалы қағаздар	4.13.03			
Басқа депозиттік ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.14.04			
үлестік бағалы қағаздар	4.14.04.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.14.04.02			
Басқа қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.15.05			
үлестік бағалы қағаздар	4.15.05.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.15.05.02			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.16.06			
үлестік бағалы қағаздар	4.16.06.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.16.06.02			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.17.07			
үлестік бағалы қағаздар	4.17.07.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.17.07.02			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.18.08			
үлестік бағалы қағаздар	4.18.08.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.18.08.02			
Бейрезиденттер шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	4.20.09			
үлестік бағалы қағаздар	4.20.09.01			
борыштық бағалы қағаздар	4.20.09.02			
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	5			
Қазақстан Республикасының Үкіметі шығарған бағалы қағаздар	5.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдары шығарған бағалы қағаздар	5.12.02			
Орталық (ұлттық) банк шығарған бағалы қағаздар	5.13.03			

Басқа депозиттік ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	5.14.04			
үлестік бағалы қағаздар	5.14.04.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.14.04.02			
Басқа қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	5.15.05			
үлестік бағалы қағаздар	5.15.05.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.15.05.02			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	5.16.06			
үлестік бағалы қағаздар	5.16.06.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.16.06.02			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	5.17.07			
үлестік бағалы қағаздар	5.17.07.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.17.07.02			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздар, оның ішінде:	5.18.08			
үлестік бағалы қағаздар	5.18.08.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.18.08.02			
Бейрезиденттер шығарған бағалы қағаздар	5.20.09			
үлестік бағалы қағаздар	5.20.09.01			
борыштық бағалы қағаздар	5.20.09.02			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	5.1			
"Кері РЕПО" операциялары	6			
Қазақстан Республикасының Үкіметімен "кері РЕПО" операциялары	6.11.01			
Орталық (ұлттық) банкпен "кері РЕПО" операциялары	6.13.02			
Басқа депозиттік ұйымдармен "кері РЕПО" операциялары	6.14.03			
Басқа қаржы ұйымдарымен "кері РЕПО" операциялары	6.15.04			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдармен "кері РЕПО" операциялары	6.16.05			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдармен "кері РЕПО" операциялары	6.17.06			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдармен "кері РЕПО" операциялары	6.18.07			
Үй шаруашылықтарымен "кері РЕПО" операциялары	6.19.08			
Бейрезиденттермен "кері РЕПО" операциялары	6.20.09			
Қазақстан Республикасының Үкіметімен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.11.10			
Қазақстан Республикасының орталық (ұлттық) банкімен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.13.11			

Басқа депозиттік ұйымдармен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.14.12			
Басқа қаржы ұйымдарымен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.15.13			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдармен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер	6.16.14			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдармен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.17.15			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдармен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.18.16			
Үй шаруашылықтарымен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.19.17			
Бейрезиденттермен бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс	6.20.18			
Аффинирленген бағалы металдар	7			
Басқа депозиттік ұйымдардағы аффинирленген бағалы металдар	7.14.01			
Жолдағы аффинирленген бағалы металдар	7.15.02			
Басқа депозиттік ұйымдардағы металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар	7.14.03			
Туынды қаржы құралдар	8			
Қазақстан Республикасының Үкіметімен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарымен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.12.02			
Орталық (ұлттық) банкпен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.13.03			
Басқа депозиттік ұйымдармен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.14.04			
Басқа қаржы ұйымдарымен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.15.05			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдармен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.16.06			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдармен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.17.07			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдармен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.18.08			
Үй шаруашылықтарымен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.19.09			
Бейрезиденттермен туынды қаржы құралдарымен операциялар	8.20.10			

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	9			
Қазақстан Республикасының Үкіметінен түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.12.02			
Орталық (ұлттық) банктен түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.13.03			
Басқа депозиттік ұйымдардан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.14.04			
Басқа қаржы ұйымдарынан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.15.05			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.16.06			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.17.07			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.18.08			
Үй шаруашылықтарынан түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.19.09			
Бейрезиденттерден түскен еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері	9.20.10			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	9.1			
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	10			
Резиденттерден болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері	10.10.01			
Бейрезиденттерден болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері	10.20.01			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	10.1			
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері ( күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	11			
Үй шаруашылықтарының өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	11.19.01			
Бейрезиденттердің өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	11.20.02			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	11.1			

Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	12			
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (үй шаруашылықтары)	12.19.01			
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (бейрезиденттер)	12.20.02			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	12.1			
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	13			
Қазақстан Республикасы Үкіметінен мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.12.02			
Орталық (ұлттық) банктен мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.13.03			
Басқа депозиттік ұйымдардан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.14.04			
Басқа қаржы ұйымдарынан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.15.05			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.16.06			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.17.07			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.18.08			
Үй шаруашылықтарынан мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.19.09			
Бейрезиденттерден мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері	13.20.10			
Минус: күнсыздануға арналған резервтер	13.1			
Сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылардан) және делдалдардан алуға сақтандыру сыйлықақылары (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	14			
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.11.01			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.12.02			
Орталық (ұлттық) банктен алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.13.03			
Басқа депозиттік ұйымдардан алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.14.04			

Басқа қаржы ұйымдарынан алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.15.05			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.16.06			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан алуға сақтандыру сыйлықақылары	14.17.07			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	14.18.08			
Үй шаруашылықтарынан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	14.19.09			
Бейрезиденттерден алынатын сақтандыру сыйлықақылары	14.20.10			
Минус: құнсыздануға арналған резервтер	14.1			
Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер	15			
Басқа қаржы ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.14.01			
Бейрезиденттерден қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.20.02			
Сақтандыру брокерлерінің (басқа қаржы ұйымдары) есептелген комиссиялық кірістері	15.15.03			
Сақтандыру брокерлерінің (мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар) есептелген комиссиялық кірістері	15.16.04			
Сақтандыру брокерлерінің (мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар) есептелген комиссиялық кірістері	15.17.05			
Сақтандыру брокерлерінің (бейрезиденттер) есептелген комиссиялық кірістері	15.20.06			
Қазақстан Республикасының Үкіметінен түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.11.07			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.12.08			
Орталық (ұлттық) банктен түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.13.09			
Басқа депозиттік ұйымдардан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.14.10			
Басқа қаржы ұйымдарынан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.15.11			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.16.12			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.17.13			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.18.14			
Үй шаруашылықтарынан түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.19.15			

Бейрезиденттерден түсетін басқа да комиссиялық (оның ішінде мерзімі өткен) кірістер	15.20.16			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	16			
Сақтандырушыларға (қайта сақтандырушыларға) (басқа қаржы ұйымдары) қойылатын талаптар	16.16.01			
Сақтандырушыларға (қайта сақтандырушыларға) (бейрезиденттер) қойылатын талаптар	16.20.02			
Келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қойылатын талаптар	16.11.03			
Келтірілген зиян үшін өңірлік және жергілікті басқару органдарына қойылатын талаптар	16.12.04			
Келтірілген зиян үшін орталық (ұлттық) банкке қойылатын талаптар	16.13.05			
Келтірілген зиян үшін басқа депозиттік ұйымдарға қойылатын талаптар	16.14.06			
Келтірілген зиян үшін басқа қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	16.15.07			
Келтірілген зиян үшін мемлекеттік қаржылық емес ұйымдарға қойылатын талаптар	16.16.08			
Келтірілген зиян үшін мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдарға қойылатын талаптар	16.17.09			
Келтірілген зиян үшін үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін ұйымдарға қойылатын талаптар	16.18.10			
Келтірілген зиян үшін үй шаруашылықтарына қойылатын талаптар	16.19.11			
Келтірілген зиян үшін бейрезиденттерге қойылатын талаптар	16.20.12			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша басқа дебиторлық берешек	16.16.13			
Минус: құнсыздануға арналған резервтер	16.1			
Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	17			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (Қазақстан Республикасының Үкіметі) берешегі	17.11.01			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (өңірлік және жергілікті басқару органдары) берешегі	17.12.02			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (басқа депозиттік ұйымдар) берешегі	17.14.03			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (басқа қаржы ұйымдары) берешегі	17.15.04			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар) берешегі	17.16.05			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар) берешегі	17.17.06			

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар) берешегі	17.18.07			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (үй шаруашылықтары) берешегі	17.19.08			
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің (бейрезиденттер) берешегі	17.20.09			
Қазақстан Республикасы Үкіметінің жалдау бойынша берешегі	17.11.10			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарының жалдау бойынша берешегі	17.12.11			
Орталық (ұлттық) банктің жалдау бойынша берешегі	17.13.12			
Басқа депозиттік ұйымдардың жалдау бойынша берешегі	17.14.13			
Басқа қаржы ұйымдарының жалдау бойынша берешегі	17.15.14			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардың жалдау бойынша берешегі	17.16.15			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың жалдау бойынша берешегі	17.17.16			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың жалдау бойынша берешегі	17.18.17			
Үй шаруашылықтарының жалдау бойынша берешегі	17.19.18			
Бейрезиденттердің жалдау бойынша берешегі	17.20.19			
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынатын сыйақы	17.11.20			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан алынатын сыйақы	17.12.21			
Басқа депозиттік ұйымдардан алынатын сыйақы	17.14.22			
Басқа қаржы ұйымдарынан алынатын сыйақы	17.15.23			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан алынатын сыйақы	17.16.24			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан алынатын сыйақы	17.17.25			
Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан алынатын сыйақы	17.18.26			
Үй шаруашылықтарынан алынатын сыйақы	17.19.27			
Бейрезиденттерден алынатын сыйақы	17.20.28			
Брокерлермен (басқа депозиттік ұйымдар) есеп айырысу	17.14.29			
Брокерлермен (басқа қаржы ұйымдары) есеп айырысу	17.15.30			
Брокерлермен (мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар) есеп айырысу	17.17.31			
Брокерлермен (бейрезиденттер) есеп айырысу	17.20.32			
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.11.33			
Өңірлік және жергілікті басқару органдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.12.34			
	17.13.35			



Орталық (ұлттық) банктен алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу				
Басқа депозиттік ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.14.36			
Басқа қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.15.37			
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.16.38			
Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.17.39			
Бейрезиденттерден алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	17.20.40			
Қазақстан Республикасының Үкіметіне сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері	17.11.41			
Орталық (ұлттық) банкке сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері	17.13.42			
